**"Қазақстан Республикасы Үкіметінің Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттердің Адам құқықтары жөніндегі әмбебап кезеңдік шолу шеңберіндегі ұсынымдарын іске асыру жөніндегі 2011 - 2014 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 қазандағы № 1165 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 8 қарашадағы № 1187 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттердің Адам құқықтары жөніндегі әмбебап кезеңдік шолу шеңберіндегі ұсынымдарын іске асыру жөніндегі 2011 - 2014 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 қазандағы № 1165 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттердің Адам құқықтары жөніндегі әмбебап кезеңдік шолу шеңберіндегі ұсынымдарын іске асыру жөніндегі 2011 - 2014 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарында:

реттік нөмірлері 1, 33 және 34-жолдардың 4-бағанындағы «ММ» деген аббревиатура «МАМ» деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 2 | Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пактіге Факультативтік хаттаманы ратификациялау бойынша ұсыныстар әзірлеу (БҰҰ-да Мақсатты қор құрылғаннан кейін ) | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар | Еңбекмині, СІМ, ЭБЖМ, Әділетмині | 2014 жылғы 4-тоқсан | талап етілмейді |

»;

реттік нөмірлері 6, 8 және 15-жолдардың 4-бағанындағы «БАМ» деген аббревиатура «МАМ» деген аббревиатурамен ауыстырылсын;

ескертпеде:

аббревиатуралардың толық жазылуында:

мына:

«ММ - Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі» деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі»;

мына:

«БАМ - Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі

ЭДСМ - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі»

деген жолдар алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК